АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2018.23.05. № 226

Ақтөбе қаласы

город Актобе

Кейбір коммуналдық мемлекеттік мекемелерді
қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 45-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алға облыстық балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылсын және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Аяла» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып аталсын.

2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Мекеменің қоса беріліп отырған Жарғысы бекітілсін.

4. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

5. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі коммуналдық заңды тұлғалар тізіліміне тиісті өзгерістер енгізсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Е.Ж.Нұрғалиевке жүктелсін.

Ақтөбе облысының әкімі **Б.Сапарбаев**

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіпмен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве.
ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке

020489